

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 1 из 16

Бекітілген
Басқарма шешімімен
2026 жылғы 18 мамырдағы
№7 хаттамасымен

ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже

Қолдану мерзімі «<u>18</u>» <u>05</u> 20<u>26</u> ж. бастап «<u>18</u>» <u>05</u> 20<u>29</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі ☒ Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: Басқарма шешімі хаттамасы 20__ жылғы «__» _____ №__	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № Экземпляр № Көшірме №

Алматы – 2026 ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2
			Страница 2 из 16

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы
ӨЗІРЛЕУ	Ғылыми жобалар мен бағдарламаларды басқару бөлімінің басшысы	Тажиева А.Е.	22.04.2026, 15:50:55
КЕЛІСУ	Проректор	Фахрадиев И.Р.	29.04.2026, 16:08:51
	Проректор	Калматаева Ж.А.	23.04.2026, 10:10:07
	Ғылым департаменті басшысы	Шамсутдинова А.Г.	22.04.2026, 19:40:31
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы	Ислямов А.А.	23.04.2026, 11:17:13
	Заң департаменті басшысы	Ахмет А.Н.	29.04.2026, 15:40:48
	Тәуекелдерді басқару және сапа менеджменті жүйесі басқармасының басшысы	Жангирбаев М.Т.	23.04.2026, 10:08:31

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 3 из 16

Мазмұны	беті
1. Жалпы ережелер	4
2. Қолдану саласы	4
3. Нормативтік сілтемелер	5
4. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	6
5. Тексеруді жүргізу тәртібі	8
6. Құқықтар мен өкілеттіктер	10
7. Жауапкершілік	11
8. Қорытынды ережелер	12
Қосымша 1	13
Қосымша 2	14
9. Өзгерістерді тіркеу парағы	15
10. Танысу парағы	16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 4 из 16

1. Жалпы ережелер

1. Бұл құжат коммерциялық емес акционерлік қоғам «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ», мәтінде одан әрі «Университет» деп аталады, ғылыми-оқыту еңбектерінің түпнұсқалығын бағалау тәртібін белгілейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

2. Бұл Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және бекітілген күнінен бастап міндетті түрде орындалуы тиіс.

3. Ережеге енгізілетін өзгерістер Басқарма шешімімен бекітіледі.

2. Нормативтік сілтемелер

4. Осы Ереже келесі сыртқы нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

1) 2007 жылғы 27 маусымдағы № 319-ІІІ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (19.04.2019 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

2) 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (29.09.2014 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрығы «Ғылыми атақтарды (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру қағидаларын бекіту туралы»;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 мамырда № 6951 болып тіркелген «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы»;

5) ISO 37001 халықаралық стандартына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа, университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына және Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына;

6) ГОСТ 7.32-2001. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және рәсімдеу ережелері;

7) ГОСТ 7.1-2003. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері;

8) ГОСТ 7.0.3-2006. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Басылымдар. Негізгі элементтер. Терминдер мен анықтамалар;

9) ГОСТ 7.0.5-2008. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Библиографиялық сілтеме. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 5 из 16

10) ГОСТ Р 7.0.11-2011. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі. Диссертация және диссертацияның авторефераты. Құрылымы және рәсімдеу ережелері.

5. Осы Ереже келесі ішкі нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

- 1) Университет Жарғысы;
- 2) Ғылым департаменті туралы ереже;
- 3) Университетішілік гранттар туралы ереже;
- 4) Уақытша ғылыми ұжымдар туралы ереже;
- 5) Ғылыми комитеттер туралы ереже;
- 6) Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия туралы ереже;
- 7) С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың Академиялық саясаты.

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

6. Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

Плагиат – басқа тұлғаның өнер туындысына, ғылыми жетістігіне, техникалық шешіміне немесе өнертабысына авторлықты қасақана иемдену. Плагиат авторлық құқық және патенттік заңнаманы бұзу болып табылуы мүмкін және осыған байланысты заңдық жауапкершілікке әкеп соғады. Сонымен қатар, плагиат зияткерлік меншік құқықтары қолданылмайтын салаларда да кездесуі мүмкін, мысалы, математикада және басқа да іргелі ғылыми пәндерде. Плагиат өзгенің туындысын өз атымен жариялау, сондай-ақ дереккөзін көрсетпей өзге авторлардың еңбектерінен үзінділерді пайдалану арқылы көрініс табады. Плагиаттың міндетті белгісі – авторлықты иемдену, себебі авторлық құқықпен қорғалатын туындыны заңсыз пайдалану, жариялау, көшіру және т.б. өздігінен плагиат емес, көбінесе «қарақшылық» (пираттық) деп аталатын авторлық құқықты бұзудың басқа түрі болып табылады. «Қарақшылық» зияткерлік еңбек нәтижелерін заңсыз пайдаланып, оларды жариялаған тұлға өзіне авторлықты иемденген жағдайда плагиатқа айналады.

Өзіндік плагиат – бір оқу басылымын немесе ғылыми монографияны әртүрлі атаумен бірнеше рет жариялау.

Дәйексөз келтіру – дереккөз мәтінін тікелей пайдалану. Дәйексөз міндетті түрде мәтінде ерекшеленіп көрсетіліп, тиісті түрде рәсімделуі тиіс. Дұрыс рәсімделмеген (тырнақшасыз немесе дереккөзі көрсетілмеген) дәйексөз авторлық құқықты бұзу болып есептелуі мүмкін.

Парафраз – дәйексөзді (әдетте шағын үзіндіні) өз сөзімен баяндау және міндетті түрде дереккөзге сілтеме жасау. Ақпаратты өз сөзімен жеткізу кезінде мәтіннің бастапқы мағынасы бұрмаланбауы тиіс. Дереккөзге сілтемесіз немесе тырнақшасыз сөзбе-сөз көшіру плагиат болып табылады.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 6 из 16

Дұрыс рәсімделмеген алындылар – басқа авторға тиесілі материалдарды оның авторлығын дұрыс көрсетпей басылымға енгізу.

Дұрыс рәсімделген алындылар – мәтінде мекемелердің, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атауларын, нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелерді, заң мәтіндерін, әдебиеттер тізімдерін, қайталануларды, соның ішінде кең таралған сөз тіркестері мен терминдерді, сондай-ақ дұрыс рәсімделген дәйексөздерді пайдалану.

Түпнұсқа мәтін – мәтінде дұрыс рәсімделмеген алындылардың болмауы.

Алынды – басқа авторлардың әртүрлі дереккөздерінен мәтін үзінділерін өз тарапынан өзгерістер мен толықтырулар енгізбей пайдалану (көшіру).

Сарапшы – мәтіндік құжаттарды тексеруді жүзеге асыратын жүйе пайдаланушысы.

4. Тексеру жүргізу тәртібі

7. Білім беру және ғылыми қызметті ұйымдастыру сапасы мен тиімділігін арттыру, оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудағы дербестіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) барлық жазбаша жұмыстары мәтіндік құжаттардағы алындыларды анықтауға арналған антиплагиат бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы плагиатқа тексеруден өткізіледі.

8. Білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) жазбаша жұмыстарына теориялық және практикалық оқыту барысында жазбаша түрде орындалған жұмыстар жатады: рефераттар, эсселер, практика бойынша есептер, жобалар, бақылау жұмыстары, мақалалар, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, қорытынды жұмыстар (дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар, магистрлік жобалар, докторлық диссертациялар) және басқа да жұмыстар.

9. Студенттердің жазбаша жұмыстарын тексеруді университет кафедралары өздеріне бекітілген пәндерге сәйкес қамтамасыз етеді. Магистрлік диссертациялар, магистрлік жобалар және докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеруді Магистратура және докторантура бөлімі қамтамасыз етеді.

10. Жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру кезінде оқытушы ең алдымен силлабуста көрсетілген әзірленген чек-парақтар мен критерийлерге сәйкес орындалған тапсырманың мазмұнын бағалайды. Студенттің орындаған тапсырмасының бірегейлігі антиплагиат бағдарламасы арқылы тексеріледі. Антиплагиат бағдарламасының тексеру нәтижелері бағалау болып табылмайды.

11. Кафедра плагиат жүйесінде тексеруден өту үшін студенттердің тізімін, ал Магистратура және докторантура бөлімі магистранттар мен докторанттардың

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 7 из 16

тізімін қалыптастырады. Барлық жазбаша жұмыстарды антиплагиат жүйесінде қабылдау және тексеруді кафедралардың жауапты тұлғалары жүзеге асырады.

12. Дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды және магистрлік жобаларды плагиатқа тексеруді бітіруші кафедраның меңгерушісі ғылыми жетекшінің «қорғауға жіберіледі» деген қорытындысы бар оң пікірінің негізінде студенттің немесе магистранттың аттестаттау комиссиясындағы қорытынды жұмысын қорғау күнінен кемінде 1 ай бұрын жүргізеді.

13. Докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеру жұмыстың алдын ала сараптамасы (қорғауы) өткізілетін күнге дейін бітіруші кафедра меңгерушісі тарапынан, отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің оң пікірлері болған жағдайда жүргізіледі.

14. Плагиатқа тексеру жүргізу үшін білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар) тиісті жазбаша жұмыстарын электрондық тасымалдағышта .doc форматында ұсынады. Жүктелетін файлдың атауы дұрыс жазылып, жұмысты орындаушыны және жұмыстың сипатын көрсетуі тиіс. Жұмыс мәтінінде кестелерді сурет түрінде қолдануға, сондай-ақ жарты беттен толық бос бетке дейінгі бос орындар қалдыруға жол берілмейді. Жұмыста беттердің, кестелердің, суреттердің, сызбалардың және т.б. саны көрсетілген аңдатпа міндетті түрде болуы тиіс. Жұмыстың аңдатпасы плагиатқа тексеру есебіне енгізіледі.

15. Магистрлік диссертацияларды, магистрлік жобаларды және докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеру Магистратура және докторантура бөлімі басшысының қызметтік жазбасы және магистранттың немесе докторанттың жұмыстың дербес орындалғанын, жұмыста тиісті сілтемелермен расталмаған үшінші тұлғалардың материалдары мен электрондық көздерінен алынған үзінділердің жоқтығын, сондай-ақ плагиат анықталған жағдайда қолданылатын санкциялар туралы хабардар етілгенін растайтын өтініші негізінде жүргізіледі (1-қосымша).

16. Білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) жазбаша жұмыстарын, дипломдық жұмыстарын, магистрлік диссертациялары мен жобаларын, докторлық диссертацияларын плагиатқа тексеру рәсімі келесі әрекеттерден тұрады:

диссертацияны/жобаны .doc форматында антиплагиат жүйесіне жүктеу;

мәтіндік құжаттарды тексеру параметрлерін баптау;

құжаттың бірегейлік деңгейінің қорытынды бағасын және алынған материалдарға сілтемелерді көрсете отырып, тексеру нәтижелері туралы есепті алу;

есепті .pdf форматында жүктеп шығару;

мәтіндік құжаттағы алындылардың бар-жоғын тексеру нәтижелері туралы хаттаманы жүктеп шығару.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 8 из 16

17. Білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) жұмыстары төмендегі көрсеткіштер болған жағдайда тексеруден оң нәтижемен өтті деп есептеледі:

дипломдық жұмыстардың бірегейлік деңгейі – кемінде 70 %;

магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертациялар мен магистрлік жобалардың бірегейлік деңгейі – кемінде 75 %;

докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша докторлық диссертациялардың бірегейлік деңгейі – кемінде 85 %;

ғылыми мақалалардың бірегейлік деңгейі – кемінде 75 %;

монографиялардың бірегейлік деңгейі – кемінде 70 %; оқу құралдары – 50 %; практикумдар мен зертханалық практикумдар – 50 %; оқу-практикалық, оқу-әдістемелік, анықтамалық құралдар мен сөздіктер – 50 %.

5. Нәтижелерді беру тәртібі

18. Плагиатқа тексеруден оң нәтиже алған білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар) Ғылым департаментінен мәтіндік құжаттағы алындылардың бар-жоғын тексеру нәтижелері туралы анықтама алады және хаттаманы беру журналына қол қояды (2-қосымша).

19. Дипломдық жұмыстарды, диссертацияларды/жобаларды антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижелері бойынша бітіруші кафедраның жауапты тұлғасы әрбір білім алушының (студенттің, магистранттың, докторанттың) мәтіндік құжаттағы алындылардың бар-жоғын тексеру нәтижелері туралы хаттамасын жүктеп алып, басып шығарады. Хаттамаға Ғылым департаментінің басшысы мен тексеруге жауапты тұлға электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды және ол Salem Office жүйесі арқылы ғылыми жетекшіге, кафедра меңгерушісіне немесе кафедраның оқу ісі жөніндегі меңгерушісіне жіберіледі.

20. Ағымдағы жазбаша жұмыстарды антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижелері бойынша мәтіндік құжаттағы алындылардың бар-жоғын тексеру туралы қорытынды есеп қажет болған жағдайда білім алушыға және ғылыми жетекшіге электрондық пошта арқылы жіберіледі.

21. Плагиатқа тексеруден теріс нәтиже алған (белгіленген көрсеткіштерге сәйкес келмейтін) білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар) анықталған бұзушылықтарды ескере отырып жұмыстарын қайта өңдеп, плагиатқа қайта тексеруден өтеді. Дипломдық жұмыстың плагиатқа алғашқы тексерілуі қорытынды аттестаттау комиссиясы қойған соңғы бағаға әсер етпейді.

22. Ғылыми жұмыстарда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын тек көмекші функциялар үшін және келесі талаптарды сақтай отырып пайдалануға жол беріледі:

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 9 из 16

1) Авторлар ЖИ технологиялары арқылы алынған ақпаратты сенімді, қауіпсіз және этикалық тұрғыдан пайдалануы тиіс;

2) Авторлар ЖИ технологиясының қолданылғанын оған сілтеме жасау арқылы көрсетуі тиіс;

3) Автор(лар) ғылыми зерттеудің қай кезеңдерінде және қандай тәсілмен ЖИ технологияларын қолданғанын көрсетуі тиіс;

4) ЖИ технологияларын пайдалану кезінде алынған деректердің дұрыстығын тексеру, сондай-ақ оларды өңдеу және түсіндіру тәсілдері мен әдістерінің сипаттамасы берілуі тиіс;

5) Қолданылған ЖИ технологияларына жасалған сілтемелерде технологияның атауы, өндірушісі (құқық иеленушісі), нұсқасы, жүгіну және пайдалану күні көрсетілуі тиіс. Мысалы: OpenAI (2023) ChatGPT [генеративті ЖИ құралы];

6) Тиісті мәліметтердің болмауы автордың ғылыми жұмыста жасанды интеллект технологияларын пайдаланбағанын растауы ретінде қарастырылады;

7) Ғылыми жұмысты дайындау кезінде ЖИ технологиялары пайдаланылған жағдайда, ғылыми нәтижелер, негізгі қағидалар, ұсынымдар мен қорытындылар автордың өзі тарапынан дербес тұжырымдалуы тиіс;

8) ЖИ технологияларын зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу кезінде (сауалнамалар, тестілер, сұрау салулар, педагогикалық эксперименттер) қолдануға рұқсат етіледі.

23. Келесі жағдайларда ЖИ технологияларын пайдалануға тыйым салынады:

1) Мақала мәтінін (аңдатпа, кіріспе, әдебиеттерге шолу, әдіснама, нәтижелер, талқылау, қорытындылар және әдебиеттер тізімі) генерациялау кезінде;

2) ЖИ технологиясын оның атауын, өндірушісін (құқық иеленушісін), нұсқасын және жүгіну немесе пайдалану күнін көрсететін сілтемесіз пайдалану кезінде;

3) Плагиатты анықтау мүмкіндігін азайту немесе болдырмау мақсатында ЖИ технологияларын қолдану кезінде;

4) Плагиатты жасыру мақсатында, яғни дереккөзді көрсетпей, бөтен мақаланың мәтінін ЖИ көмегімен өзгерту кезінде;

5) Нақты эксперимент жүргізбей, эксперименттік деректерді генерациялау кезінде (жалған деректер жасау).

24. Дипломдық жұмысты плагиатқа қайта тексеру кезінде қорытынды аттестаттау комиссиясының соңғы бағасы 0,79 коэффициентіне көбейтіледі. Егер дипломдық жұмыс үшінші рет тексерілсе, комиссияның соңғы бағасы 0,6 коэффициентіне көбейтіледі.

25. Плагиатқа тексеруден өтпеген және белгіленген көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда:

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 10 из 16

ағымдағы жазбаша жұмыстар «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланып, баға ағымдағы немесе аралық бақылау нәтижелеріне енгізіледі;

диссертация/жоба қорғауға жіберілмейді және білім алушы оқу жоспарын орындамаған болып есептеліп, бітіруші кафедраның ұсынысы негізінде университеттен шығарылуға жатады.

26. Алындыларды жасыру және бірегейлік пайызын жасанды түрде арттыру үшін техникалық тәсілдерді қолдануға әрекет жасаған және антиплагиат жүйесінде өз жұмысы бойынша «күдікті құжат» белгісін алған білім алушы (студент, магистрант, докторант) жұмысын қайта өңдеуге және плагиатқа қайта тексеруге жіберіледі.

27. Қажет болған жағдайда алындылардың бар-жоғын тексеру нәтижелері туралы есепті қосымша зерделеу және дипломдық жұмыстың, магистрлік немесе докторлық жұмыстың түпнұсқалылық деңгейі бойынша қорытынды бағасын белгілеу үшін бітіруші кафедра кемінде үш маманнан тұратын сараптамалық комиссия құрады. Комиссия анықталған алындыларды зерттеп, олар бойынша қорытынды береді.

28. Дипломдық жұмыстарды, диссертацияларды/жобаларды алындылардың бар-жоғына тексеру нәтижелері туралы хаттама (қажет болған жағдайда сараптамалық комиссияның қорытындысымен бірге) дипломдық жұмысқа, диссертацияға немесе жобаға қоса білім беру бағдарламасы бойынша аттестаттау комиссиясына ұсынылады.

6. Құқықтар мен өкілеттіктер

29. Ғылым департаментіне өз функцияларын орындау үшін қажетті барлық құқықтар мен өкілеттіктер беріледі. Ғылым департаментінің құқықтары мен өкілеттіктерін Ғылым департаментінің басшысы өзінің лауазымдық нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырады.

30. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты болуы мүмкін мәселе немесе жағдай туындаған кезде, оны шешу тәртібі бойынша Университет басшылығынан немесе комплаенс қызметінен кеңес алуға құқылы.

31. Университеттің басқару аясына жататын және сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейі төменнен жоғары деп болжанатын кез келген операцияға қатысудан бас тартуға құқылы.

32. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларын бұзу, парақорлық әрекеттері немесе олардың нақты не болжамды жағдайлары туралы адал ниетпен немесе олардың орын алғанына шынайы сенім негізінде жасалған хабарламалар беруге құқылы.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 11 из 16

7. Жауапкершілік

33. Антиплагиат жүйесінің пайдаланушылары болып Ғылым департаменті, кафедра меңгерушілері, кафедралардың оқу ісі жөніндегі меңгерушілері, кафедралардан тағайындалған жауапты тұлғалар және ғылыми жетекшілер табылады.

34. Университет бойынша антиплагиат жүйесіндегі жұмысты жалпы үйлестіруге және жүйенің барлық пайдаланушыларының әрекеттерін бақылауға Ғылым департаментінің әкімшісі жауапты болып табылады.

35. Антиплагиат жүйесінде жұмыстарды тексеруге жауапты кафедра өкілдері кафедра меңгерушілерінің ұсыныстары негізінде декандардың өкімімен тағайындалады. Білім алушылардың жазбаша жұмыстарының электрондық нұсқалары антиплагиат жүйесінде тексеруге ұсынылады.

36. Ғылым департаменті білім алушылардың қорытынды жұмыстарының (дипломдық жұмыстардың, магистрлік диссертациялардың/жобалардың, докторлық диссертациялардың) плагиатқа тексеру нәтижелерін жүйеде қадағалап, олардың жалпы талдауы мен бағалау жұмыстарын жүргізеді.

37. Ғылым департаментінің қызметкерлері білім алушылардың жұмыстарын антиплагиат жүйесіне жүктейді, антиплагиат жүйесінен мәтіндік құжаттардағы алындылардың бар-жоғын тексеру бойынша қорытынды есептер мен хаттамаларды электрондық және қағаз нысанында шығарып, оларды білім алушыларға, ғылыми жетекшілерге және кафедра меңгерушілеріне тапсырады.

38. Ғылым департаментінің қызметкерлері білім алушылардың жұмыстарына жүргізілген тексерулер бойынша қорытынды есептердің электрондық базасын қалыптастырады және білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) жазбаша жұмыстарын антиплагиат жүйесінде тексеру үдерісінің жүргізілуіне жауап береді. Бұл ретте олар: «Университеттің антиплагиат жүйесі бойынша пайдаланушы нұсқаулығы»; «Антиплагиат жүйесіндегі ұқсастық туралы есепті түсіндіру жөніндегі нұсқаулық» талаптарын сақтауға; жүйеге жүктелетін құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз етуге; сенімділігі күмән тудыратын жұмыстарды өңдеу мен растауға жол бермеуге міндетті.

39. Ғылым департаменті, кафедра меңгерушілері, кафедралардан тағайындалған жауапты тұлғалар, ғылыми жетекшілер және білім алушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларын, ішкі нормативтік құжаттарды және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық актілерін сақтауға міндетті.

40. Университет басшылығын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың, мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларының бұзылуы, сыбайлас жемқорлық

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2
			Страница 12 из 16

тәуекелдері немесе оқиғалары, сондай-ақ Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа ішкі нормативтік құжаттарының талаптарының бұзылуы туралы нақты немесе ықтимал жағдайлар жөнінде хабардар ету процесін қолдау қамтамасыз етіледі.

8. Қорытынды ережелер

41. Осы Ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ-та персоналмен жұмысты ұйымдастырушылық қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

42. Осы Ережеде білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) жұмыстарын плагиатқа тексеру тәртібін реттейтін негізгі нормалар белгіленген. Университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі барысында бұл нормалар белгіленген тәртіппен қабылданған ішкі нормативтік құжаттармен және Университет әкімшілігінің ұйымдастырушылық-өкімдік актілерімен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

43. Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы Ғылым департаментіне жүктеледі. Ғылым департаменті Ереженің мазмұнын бағынысты қызметкерлер мен Университеттің мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізуді, оның орындалуын бақылауды және Ереженің уақтылы өзектендіріліп отыруын қамтамасыз етеді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 13 из 16

Қосымша 1

Кафедра меңгерушісіне
_____ тобының магистрантынан
/докторантынан

Өтініш

Мен, _____,
_____ білім беру бағдарламасының
_____ даярлау бағыты бойынша
_____ курс _____ тобының магистранты/докторанты,
көпшілік алдында қорғауға ұсынылған

« _____ »
_____»

тақырыбындағы магистрлік диссертациямда / магистрлік жобамда / докторлық диссертациямда плагиат элементтері жоқ екенін мәлімдеймін.

Баспа және электрондық дереккөздерден алынған барлық тікелей дәйексөздер мен пайдаланылған материалдарға тиісті сілтемелер берілген, ал жұмыс өз бетінше орындалған.

Мен С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті ғылыми еңбектерінің бірегейлігін тексеру және оларда мәтіндік ұқсастықтардың (заимствованиялардың) болуын анықтау тәртібі туралы қолданыстағы ережемен таныстым.

Т.А.Ә.
Қолы
Күні

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже		Редакция: 2 Страница 14 из 16

Қосымша 2



СПРАВКА

о результатах проверки текстового документа на наличие заимствований

Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова

ПРОВЕРКА ВЫПОЛНЕНА В СИСТЕМЕ ANTIPLAGIAT.VUZ

Автор работы:
Самоцитирование
рассчитано для:
Название работы:
Тип работы:
Подразделение:

РЕЗУЛЬТАТЫ



ДАТА ПОСЛЕДНЕЙ ПРОВЕРКИ: 12.02.2026

Структура документа:

Проверенные разделы:

Модули поиска:

Профессиональная лексика; Перефразирования по коллекции IEEE; Патенты СССР, РФ, СНГ; Кольцо вузов; Публикации eLIBRARY (переводы и перефразирования); СПС ГАРАНТ: нормативно-правовая документация; Шаблонные фразы; Перефразирования по СПС ГАРАНТ: аналитика; Коллекция НБУ; СМИ России и СНГ; IEEE; Интернет Плюс; Перефразирования по базе публикаций открытого доступа PubMed; Перефразированные заимствования по коллекции Интернет в английском сегменте; Переводные заимствования; Цитирование; Рувики; Перефразированные заимствования по коллекции Интернет в русском сегменте; Перефразирования по Коллекции открытых публикаций международных издательств; СПС ГАРАНТ: аналитика; Публикации РГБ; Публикации РГБ (переводы и перефразирования); Переводные заимствования IEEE; Пе...

Работу проверил:

ФИО проверяющего


Дата подписи:

Подпись проверяющего



Чтобы убедиться в подлинности справки, используйте QR-код, который содержит ссылку на отчет.

Ответ на вопрос, является ли обнаруженное заимствование корректным, система оставляет на усмотрение проверяющего. Предоставленная информация не подлежит использованию в коммерческих целях.



	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 15 из 16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 15 из 16


	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 15 из 16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 15 из 16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 15 из 16

9. Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]



	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 16 из 16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 16 из 16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 16 из 16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 16 из 16

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Ғылым департаменті	ҚазҰМУ қызметкерлері мен білім алушыларының жазбаша жұмыстарын антиплагиатқа тексеру тәртібі туралы ереже	Редакция: 2 Страница 16 из 16

[illegible]